

Абдукадирова Жансая Абдимуратовнаның 6D011300 – Биология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Өсімдіктер анатомиясы мен морфологиясы пәнін оқытуда болашақ биология мұғалімдерінің инновациялық ойлауын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ШКІР

Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламаларымен байланысы

Бүгінгі білім алушыларды келешектің еншісінде тек білім беруші ғана емес, өз шәкірттерінің әлеуметтік-тұлғалық саладағы жетістіктеріне де үлесін қоса алатын, бағыт-бағдар беретін құзыреті бар, кәсіби кемелденген ұстаз болуына жағдай жасау жоғары білім беру жүйесінің өзекті мәселесі болып отыр. Осы орайда, өсімдіктер анатомиясы мен морфологиясы пәнін оқытуда болашақ биология мұғалімдерінің инновациялық ойлауын қалыптастыру мәселесін қазіргі қоғам сұранысына сәйкестендіре зерттеген Абдукадирова Жансая Абдимуратовнаның ғылыми зерттеу жұмысының айтарлықтай маңызы бар.

ҚР-ның «Білім туралы» Заңының білім беру саясаты қағидаларының бірінде әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігінің болуы аса маңызды екені көрсетілген. Жоғары білімнің мәні бойынша жоғары оқу орындарының басты мақсаты ретінде реформа жағдайында өзіндік өмірлік және кәсіби траекториясын таба алатын, білгеннен іс-әрекетке көше алатын, өзіндік ішкі мүмкіндіктерін мейлінше кең дәрежеде таныта алатын мамандарды тәрбиелеп шығару маңыздылығы болашақ биология мұғалімдерінің инновациялық ойлауын қалыптастыруда тірек болуға толықтай септігі бар деп айта аламыз.

Диссертант өз жұмысының теориялық-әдіснамалық негізін анықтауда іргелі зерттеушілердің ғылыми еңбектеріне талдау жасаған. Аталған еңбектің қолданбалық негізі тәжірибеде көрініс тапқан.

Сонымен айтылып өткен негіздемелердің барлығы Абдукадирова Жансая Абдимуратовнаның «Өсімдіктер анатомиясы мен морфологиясы пәнін оқытуда болашақ биология мұғалімдерінің инновациялық ойлауын қалыптастыру» тақырыбында жазылған ғылыми зерттеу жұмысы қоғамның сұранысынан, заман талабынан туындаған, дер кезінде орындалған, көкейкестілігі жоғары, айтуға тұрарлық еңбек екендігін көрсетеді.

Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері

Зерттеу барысында ізденуші төмендегідей нәтижелерге қол жеткізген:

1-нәтиже. Болашақ биология мұғалімдерінің инновациялық ойлауын қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық негіздерінің мәселелері ашып көрсетілген. Инновация, жаңару, инновациялық әдістер, ойлау процесі, психологиялық зерттеу бағыттары, ойлау қабілеттері мен тәсілдері ұғымдары зерделеніп, мәні мен мазмұны сараланған.

2-нәтиже. «Ботаниканы тиімді оқытуда студенттердің инновациялық ойлауын қалыптастыру» оқу-әдістемелік құралдан тұратын әдістеме дайындалған.

3-нәтиже. Элективті пәнін оқыту барысында болашақ биология мұғалімдерінің инновациялық ойлауын қалыптастырудың педагогикалық құрылымдық-мазмұндық моделін жасап, компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері көрсеткен.

4-нәтиже. Педагогикалық жоғары оқу орнында өсімдіктер анатомиясы мен морфологиясы пәнін оқытуда болашақ биология мұғалімдерінің инновациялық ойлауын қалыптастыру әдістемесі жасалып, оның тиімділігі педагогикалық тәжірибе жүзінде тексеріліп, әдістемелік ұсыныстар жасалған.

Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі

Бірінші ғылыми нәтиженің негізділігі және шынайылығы – өсімдіктер анатомиясы мен морфологиясы пәнін оқытуда болашақ биология мұғалімдерінің инновациялық ойлауын қалыптастыруда теориялық негізін құраушы құндылығы айқындалған.

Екінші ғылыми нәтиженің негізділігі және шынайылығы – педагогикалық теориялар танымның түрлерін ойлау элементтерімен салыстырып, ойлаудың бағыттылығы, функциялары мен іс-әрекет өніміне байланысты мазмұны ашылған. Зерттеу бойынша *эмпириялық ойлау, теориялық ойлау, интуитивтік ойлау, рациональдық ойлау (аналитикалық немесе логикалық ойлау), вербалдық (сөздік) ойлау, көрнекілік ойлау, продуктивті және репродуктивті ойлау, творчестволық ойлау, сыни ойлау, шынайы (немесе реалистік) ойлау, аутистік ойлау, ырықсыз ойлау, ырықты ойлау* таным түрлері бойынша ойлау түрлерін жіктеп, мәні мен мазмұнын зерделеп нақтылаған.

Үшінші ғылыми нәтиженің негізділігі және шынайылығы – өсімдіктер анатомиясы мен морфологиясы пәнін оқытуда болашақ биология мұғалімдерінің инновациялық ойлауын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі және оның құрылымдары айқындалып, оның мазмұнына сәйкес компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлері анықталып бір бағытта іске асушы біртұтас жүйесін жасаған.

Төртінші ғылыми нәтиженің негізділігі және шынайылығы – өсімдіктер анатомиясы мен морфологиясы пәнін оқытуда болашақ биология мұғалімдерінің инновациялық ойлауын қалыптастыруға бағытталған әдістеме «Өсімдіктер анатомиясы мен морфологиясы» элективті курсы жасалып, тәжірибеде оның тиімділігін анықтаған.

Диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиженің (қағиданың) және қорытындысының жаңалық дәрежесі

1-жаңалық дәреже. Жоғары оқу орындарында болашақ биология мұғалімдерінің инновациялық ойлауын қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық негіздері тұжырымдалған.

2-жаңалық дәреже. Жоғары оқу орындарының оқу үрдісінде болашақ биология мұғалімдерінің инновациялық ойлауын дамытудың жолдары сараланған.

3-жаңалық дәреже. Өсімдіктер анатомиясы мен морфологиясы пәнін оқытуда болашақ биология мұғалімдерінің инновациялық ойлауын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі ұсынылған. Сонымен бірге жаңа «Өсімдіктер анатомиясы мен морфологиясы» элективті пәні оқу үдерісіне ендірілген.

4-жаңалық дәреже. Өсімдіктер анатомиясы мен морфологиясы пәнін оқытуда болашақ биология мұғалімдерінің инновациялық ойлауын қалыптастыру әдістемесі дайындалып, педагогикалық эксперимент арқылы дәлелденген.

Алынған нәтижелердің ішкі бірлігін бағалау

Ізденушінің зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелері логикалық түрде құрылған ішкі біртұтастығымен ерекшеленеді. Зерттеудің қорытындысы ізденушінің педагогика ғылымдарының теориясы мен практикасына енгізілген жаңалығымен сипатталады.

Диссертациялық жұмыс нәтижелерінің теориялық және практикалық маңыздылығы

Абдукадирова Жансая Абдимуратовнаның диссертациялық жұмысындағы алынған нәтижелер мен жасалған тұжырымдар:

- болашақ биология мұғалімдерінің инновациялық ойлауын қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық негіздері айқындалған;
- болашақ биология пәні мұғалімдерінің инновациялық ойлауын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған;
- жаңа «Өсімдіктер анатомиясы мен морфологиясы» элективті пәнінің бағдарламасы, оқу-әдістемелік кешені дайындалып, оқу үдерісіне ендірілген;
- «Биологияны тиімді оқытуда студенттердің инновациялық ойлауын қалыптастыру» атты оқу-әдістемелік құралы дайындалған;
- өсімдіктер анатомиясы мен морфологиясы пәнін оқытуда болашақ биология мұғалімдерінің инновациялық ойлауын қалыптастыру әдістемесінің тиімділігі эксперимент жүзінде тексеріліп, оқу үдерісіне ендірілген.

Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама

Ғылыми зерттеу жұмысының негізгі мазмұны елімізде және алыс-жақын шет елдерде ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар мен әртүрлі ғылыми басылымдарда жарық көрген 20 еңбегінде қамтылған. Оның ішінде: ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарда–6, Web of Science және Scopus базасында анықталған журналдарда– 1, халықаралық конференциялар жинағында–9, мерзімді шетелдік ғылыми басылымда–2, оқу-әдістемелік құрал–1.

Диссертация бойынша кемшіліктер мен ұсыныстар

Диссертациялық жұмыстың мазмұны мен құрылымына байланысты мына төмендегідей ескертпелерді атамақпыз:

1. Диссертациялық зерттеу жұмысында қорытынды және ұсыныстар бөлімінде жұмыс барысында жүргізілген жұмыстардың қорытындысы және ұсыныстары біршама нақты жазылған. Дегенмен де, жұмыстың тәжірибелік мәнділігін ашатындай, тәжірибелік тұрғыдан ұсыныстар қосу артық болмас еді.

2. 121 беттегі үшінші және төртінші қорытындылардың бағыты бір болғандықтан, біріктіргенде жұмыстың маңызы арта түсер еді.

3. Диссертациялық жұмыста ішінара қайталаулар мен рәсімделуінде кейбір стилистикалық және орфографиялық қателер кездеседі.

Аталған кемшіліктер мен ұсыныстар диссертацияның құндылығын төмендетпейді.

Диссертацияның сәйкес мамандық бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру Ережелерінің қойылатын талаптарына сәйкестігі

Абдукадинова Жансая Абдимуратовнаның «Өсімдіктер анатомиясы мен морфологиясы пәнін оқытуда болашақ биология мұғалімдерінің инновациялық ойлауын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының дербестігі айқындалған, жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейде орындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңызы бар, орындалуы Қазақстан Республикасы білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті белгілеген талаптарына сай келеді және ізденуші Ж.А.Абдукадинова «6D011300 – Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, география, экология және туризм кафедрасының ф.ғ.д., профессор



К.Ш. Бакирова